

Өзінің функциялық ерекшеліктеріне байланысты ресми-іскерлік стиль, нақтылықты, анықтықты, дәлдікті қамтамасыз ететін сөздерді қолдануға жол береді. Бұл стилге ұзақ уақыт іскерлік қатынастарда қолданылып жүрген фразеологизмдер тән.

提交首长 Tijiao shouzhang – басшылықтың қол қоюына жіберу.

经上级核准 Jing shangji hezhun – жоғары тұрған ұйымның рұқсатын алу.

\*\*\*

1. Войцехович И.В. «Практическая фразеология современного китайского языка». – Москва: АСТ: Восток-Запад, 2007.
2. Шанский Н.Н. «Очерки по русскому словообразованию» М., 1968.
3. Ма Гуо Фан «Yanyu – Xiehoyu – Guanyongyu» (Мақал – астарлы сөз – қалыптасқан тіркестер). – Ляониң, 1961ж.

4. Мәсімхан Д., Әбиденқызы А. «Қытай филологиясына кіріспе»: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002ж.

5. Горелов В.И. «Лексикология китайского языка». М., 1984.

6. Қалибекұлы Т. «Қазіргі қытай тілінің грамматикасы». – Алматы, 2005 ж.

7. «Джунгуо да бай кэ чуан шу, үй ян вен цзы» (Қытайдың үлкен энциклопедиясы, тіл және жазу бөлімі). – Пекин: Қытай энциклопедиясының баспаханасы, 1998 ж.

\*\*\*

В этой статье даются общие сведения о фразеологии китайского языка как лингвистической дисциплине, ее границах и объеме, предмете исследования, задачах и классификации фразеологизмов.

\*\*\*

In this article general information about phraseology of the Chinese language as linguistic discipline, its borders and volume, an object of research, tasks and classification of phraseological units are given.

## Ө. Күмісбаев, Б. Ермекбаева

### «ЖЫЛҚЫ» АТАУЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ПАРСЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Халқымыз өз тірлігінде төрт түлік малға айрықша мән бергені белгілі. Соның ішінде жылқы малына деген ілтипаты тіпті ерекше екендігі қашаннан аян. Қазақтың көшпелі тұрмысындағы жылқының орны ерекше. Шексіз-шетсіз далада жаяу адам ұзаққа бара алмайды, шаруасын да мезгілінде бітіре алмайды, ал астында аты болса қашқанда құтылып, қуса жетіп дегендей тіршілік ете алады. Сол себептен қазақтың «Жылқы – ердің қанаты» деген сөзі жылқының адам өміріндегі орнын дұрыс көрсетеді. Қазіргі автомобиль, мотоцикл, теміржол, авиация, сумен жүзетін кеме – бәрінің қызметін ерте заманда жалғыз жылқы атқарған /1, 99/.

Қазақ халқы қадым заманнан жылқыны қадірлеп, қастерлейтін халық санатына жатады. Қазақтың лиро-эпостық жырларында, батырлық дастандарында, ежелгі қисса, әфсаналарында, тұлпарлардың тұлпары, жүйріктердің жүйрігі ерекше орын алады. Қазақтың

халық жырларындағы батырлардың қайсысын алсаң да, ішінде жаяуы жоқ және олардың аттары құр көлік емес, батырлардың жан серігі, тіпті тілдесетін, ақыл айтатын кеңесшісі де, Тайбұрыл мен Байшұбар, Тарлан мен Қарақасқа ат қандай қасиетті пырақтар, оларды мал санатына қосуға тіпті аузың да бармайды /1, 100/.

Қазақ халқы секілді, ирандықтар үшін де жылқы малы маңызды, қасиетті жануарлардың бірі болып табылады. Парсы тілінде «жылқы» сөзі «اسب» (эсб) (ертеректе «اسپ») (эсп), «اسبه» (эспа) деп айтылады.

Парсылардың батырлық жырларында да, небір досқа бергісіз аттар көрініс табады, соның бір дәлелі – Иранның аты әлемге әйгілі ақыны Фирдоусидің «Шахнаме» туындысында бірнеше аттың аталуы. Олардың ең маңыздылары – «Шахнаменің» басты кейіпкерлерінің бірі – Рүстемнің аты, ақ ат - «رخش» (Рәхш)

болса, екіншісі Сфандиярдың аты, қара ат - «شيديز» (Шәбдиз). Бұл екеуі де арыстанмен айқасатын, бір адамдай ой ойлап, иесіне көмектесіп, адамдарша сөйлейтін, иелерін бірнеше рет өлімнен алып қалған, ақылды аттар болады. Тағы бір айта кететін жайт - ежелгі Иранда батырды жерлеген кезде атын да қоса жерлейтін болған, ал батыр қаза болды дегенді жеткізу үшін, атының құйрығын кесіп алып келетін болған, осыдан жұрт ат иесінің мерт болғандығын түсінген. Жылқы жануарының қасиетін екі халық та жақсы түсінген, оны қастерлей білген.

Жылқы малына қатысты қазақ халқында мақал-мәтелдер көп: «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп», «Адам құлақтан азады, ат тұяқтан азады», «Ақ пейілдің аты арып, тоны тозбайды», «Ақылды ердің ішінде алтын ерлі ат жатар, ақылды әйел ішінде алтын бесікті ұл жатар», «Ақыл – жас ұланнан, жүйрік – тай құлыннан», «Ақылсыз атқа мінсе, атасын басып кете жаздайды», «Алтын ерің атқа тисе, алтынын ал да отқа жак», «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады», «Алып анадан туады, ат биеден туады», «Алысты жақындатар – ат, жақынды алыстатар - жат», «Арғымақ аттың баласы, аз оттап, көп жусайды. Асыл ердің баласы, аз сөйлеп, көп тыңдайды», «Арғымақ аттың құйрығы - әрі жібек, әрі қыл. Ер жігіттің белгісі - әрі мырза, әрі құл», «Ат баспаймын деген жерін үш басар, ер көрмеймін деген жерін үш көрер», «Ат басына күн туса, ауыздығымен су ішер, ер басына күн туса, етігімен су кешер», «Ат көрмеген ат көрсе, шаба-шаба өлтірер, тон кимеген тон кесе, қаға-қаға бітірер», «Аттан тай озады, атадан бала озады», «Аты барға тай мінсе де жарасады, асы барға сұрап ішсе де жарасады», «Жылқы - жаным, қымыз - қаным», «Адам баласы сөйлескенше, жылқы баласы кісінескенше», «Кедей болайын деген жігіт биесін сатып, ат қылар, жалғыз болайын деген жігіт туысын ұрсып, жат қылар», «Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп», «Ай мінбей атыңды мақтама», «Ат айналып қазығын табады, ер айналып елін табады», «Сырын білмеген аттың

сыртынан жүрме», «Жаксы ат жанға серік, жаксы ит малға серік», «Жорғадан туған ортақ бар, батырдан туған қорқақ бар», «Жылқы құлыннан көбейер, ақша тиыннан көбейер», «Балықшының аты суға жарымайды», «Кәрі атын мақтаған жолда қалар», «Тай атқа, ат мұратқа жеткізер», «Атың жемқор болса, берді құдай, қатының жемқор болса ұрды құдай» т.б. Жоғарыдағы беріліп отырған жылқы туралы мақал – мәтелдердің бір бөлшегі ғана.

Парсы тілінде жылқы малына байланысты мақал – мәтелдер қазақ тіліндегідей көп болмаса да, баршылық. Солардың біразына түсінік бере кетсек: اسب دونه جو خودش را زياد ميکند (Әсб-е дәвәнде джоу-е худеш ра зиад миконәд) яғни, «Көп шапқан аттың жемі де көп» деген мағынаны білдіреді. Мағынасы жағынан қазіргі заманда мақал ретінде қолданылып кеткен, Абай атамның «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген нақыл сөзіне немесе «Атына қарай тұрманы, еңбегіне қарай қырманы» деген қазақ мақалына сәйкес келеді.

اسب اسبران را می شناسد (Әсб әсбран ра ми шенасәд). Парсы мақалы «Ат атқа мінетін адамды таниды» десе, қазақ мақалы «Ат-иесін таниды» деп, жылқы малының сезімталдығын, ақылдылығын, көрінген кісіге икемін бере бермейтіндігін тағы да атап көрсетеді.

اسب فريه شود شود سرکش (Әсб фәрбей шәвәд шәвәд сәркеш) «Ат семірсе тіл алмайтын болады» дегені, біздің дана халқымыздың «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас» деген мақалына сәйкес келеді. Бұл мақалмен екі ел де, қазақтар да, ирандықтар да кейбір қолына сәл билік тисе болды, айналасындағыларды менсінбей, аспанға қарап шыға келетін, мақтаншақтарды әшкерелеп, астарлап жеткізіп отыр.

اسب و زن و شمشير وفادار را کی دید؟ (Әсб вә зән вә шәмшир-е вәфадар ра ки дид?)

Сөзбе-сөз аударғанда «Адал ат, әйел және семсерді кім көрген?» деген мақалы біздегі «Астындағы атыңа сенбе, қойныңдағы қатыныңа сенбе» мақалына сәйкесіп тұр.

اسب خوشرو نيزهنگامی خورد سکندری (Әсб-е хушроу низ һенгами хурәд секәндәри)

«Жақсы ат та сүрінеді» деген парсы мақалы «Жаңылмайтын жақ болмайды, сүрінбейтін тұяқ болмайды» деген қазақ мақалына мәнделес.

اسب پيشکيشی بدنانش نگاه نمی کنند (Әсб-е пишкіши бедәнданәш негах неми канәнд) Бұл мақал екі тілде де «Сыйға берілген аттың тісіне қарамайды» деген мағынаны білдіріп тұр.

Жоғарыда көрсетілген мысалдардан парсы мен қазақ мақал –мәтелдерінен сәйкестік, шамаластық таптық, енді мына біреулерінің тура аудармасы болмаса да, оларға мағыналас баламаларын көрсетуге болады: اسب عاریه کم خوراک و تندرو است (Әсб-е орие кәм хурак вә тондроу әст). Сөзбе-сөз аудармасы «Аманатқа берілген ат аз жеп, көп шабады» дегенді, яғни кісі затын, аманатын аямау дегенді білдіреді.

اسب نجیب را یک تازیانه بس است (Әсб-е нәджиб ра иек тазиане бәс әст). Парсылар «Ақылды атқа бір қамшы да жеткілікті» десе, қазақтар «Жақсы ат қамшы салдырмас» немесе «Ақылдыға ишарат та жеткілікті» деген келіспеушіліктерді байқауға болады.

اسب و خر که یک جا بندند اگر هم بو نشوند هم خو شوند (Әсб вә хәр ке йек джо бәндәнд әгәр һәм бу нәшәвәнд, һәм ху шәвәнд). Ирандықтардың «Есек пен атты бір жерге байласа, иісі бір болмаса да, миы бір болып шығады» деген мақалын қазақтың «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» мақалымен салыстыруға болады.

اسب و استر بهم لگد نزنند (Әсб вә әстәр беһәм ләгәд нәзәнәнд). «Ат пен қашар бірін-бірі теппейді» деген парсы мақалына қазақтың мына мақалы «Қарға қарғаның көзін шұқымайды» сөзбе-сөз сәйкес келмесе де, мағына жағынан жақындығын көруге болады.

اسب را گم کرده پی نعلش میگردد (Әсб ра гом кәрде пей-е нәләш мигәрдәд). «Атын жоғалтып, тағасын іздеп жүр», яғни маңызды нәрсені назарға алмай жіберіп алып, ұсақ-түйектің артынан жүрген адам туралы айтады.

استر را گفتند پدرت کیست گفت خاله ام مادیان است (Әстәр ра гофтәнд педәрәт кист гофт

халәәм мадиан әст). Қашардан: «Өкең кім?»,- деп сұраса, «Тәтем - бие»,- депті, яғни қойған сұраққа дәл жауап бермейтін адам туралы айтылады, қазақтар ондай адам туралы «Бас десе, құлақ дейді» не болмаса әзілдеп «Мен не деймін, домбырам не дейді» деп жатады.

Жалпы, қорыта келе мынандай тұжырым жасауға болады, екі ел, екі тіл, екі мәдениет, қалай дегенде де жылқы атауының қазақ және парсы мақал-мәтелдеріндегі көрінісі біз салыстырып қараған кезде бір-бірінен алшақ кетпейтін сияқты. Өйткені, осы аталған екі елде де жылқы малының қадір-қасиетін түсіну өз дәрежесінде болған, екі халық та жылқы туралы мақал-мәтелдерін айта отырып, терең философиялық тұжырымдарға барған. Демек, екі халықтың да жылқы туралы мақал-мәтелдерінде мәні, мағынасы жағынан кейбір айырмашылықтар болғанмен, бір арнадан шығып, тоғысып жатады.

\*\*\*

1. С. Қалиев, М.Оразаев, М.Смайылова. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы. «Рауан», 1994 ж.
2. Х.Г.Кероглы. Персидские пословицы, поговорки и крылатые слова. Москва 1973 г.
3. علی اکبر دهخدا . امسال و حکم . تهران. 1334
4. Әли Әқбар Декһада “لقطنامه” 6 жинақ. Иран. 1946
5. Ахмад Абришами “مسلهای فارسی”
6. Рустемов Л.З.“Парсы тілінің ізашары”. Алматы,”1995
7. Ө.Тұрманжанов. Қазақ мақал-мәтелдері.

\*\*\*

В этой статье рассматривается роль и место употребления слова, связанное с «конем» в иранских и казахских пословицах. Рассмотрены совпадения, различия и смысл найденных нами материалов.

\*\*\*

In this article considered the role and place of horse in the Iranian and the Kazakh proverbs. Given proverbs in the article are given in Folk Literature of this people. It is considered the coincidence, difference and meaning of found materials.